



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ СТУДЕНТ ЖАСТАРЫНЫҢ БЕЙНЕСІ: ДӘСТҮР ЖӘНЕ ЖАҢАШЫЛДЫҚ

Көшербай Олжас, Көпбаев Ақтөре

olzhas_09_95@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, «Мәдениеттану» мамандығы 3 курс студенттері,

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Адаева Г.А.

Жаһанданған заманда бұқаралық мәдениеттің пайда болуы және дамуы жастардың қоғамдағы орны мен мінез-құқына қатты әсер етті. «Бұқаралық ақпарат құралдарының көмегімен «түптамырсыз» индивидтер массасы шығады және қоғам аномия (дәстүрі мен тәртібінен айырылған) күйіне түседі» [1]. Бұдан шығатыны адамды рухани тамырынан айырса, онымен ойыңа келгенінді жасауға болады, ол өзінің не істеп жүргенін түсінбестен өзін «бұқаралық мәдениет» ағынына лақтырып жібереді.

Біз қазіргі қазақ студент жастардың бейнесіндегі дәстүрлік пен жаңашылдықтың арақатынасын анықтау мақсатымен әлеуметтік зерттеу жүргіздік. Жігіттер арасында жүргізілген сауалнамаға негізінен Еуразия ұлттық университетінің студенттері мен шетелде оқитын қазақ балалары (13, 2%) қатысты. Қатысқандардың 19,8% шығыс өңірінен, 13, 2% Астана қаласынан, 52,8% оңтүстіктен, 6,6% орталық өңірден, 6,6% батыс өңірден.

1. Сіз үшін өмірдің мәні неде? , – деген сұраққа 59,4% отбасын құру маңызды деп санаса, 13, 2% сапалы білімге көңіл бөледі. 19,8%-ы мәдениетті, жан жақты дамыған адам болу, 6,6% денсаулық, 6,6% материалды жағынан тәуелсіз болу (ОҚО-дан); 6,6% -ы ізетті қарым-қатынаста (Ақтөбеден, ауыл, 22-25 жас) деп ойлайды.

2. Ал егер ұлтты таңдау берілсе, қай ұлттың өкілі болып келер едіңіз? – деген сұраққа 100% «қазақ» деп жауап қатты.

3. Сіздің нағыз ер азамат деген түсінігіңізге лайықты деп есептейтін азаматты атаңыз (шынайы өмірдегі, болмаса кинофильм, көркем әдебиет кейіпкерлері): 52,8%-ы-әкем, атам десе, 6,6%-ы Абай атаны (Астана), 6,6%-ы- Пайғамбарымыз Мұхаммедті, 6,6%-ы «Шал» фильміндегі шалды үлгі тұтады екен; 19,8%-ы жауап бермеген; Салахаддин (Ақтөбе), Жорик Таменов деп Тараз қаласының тумасы жауап берген.

4. Әскерге барасыз ба, бардыңыз ба? Бармасаңыз неге (жазыңыз)? 40% -ы «оқудамын» деп қысқа қайырса, дәрігер әскери міндеттімін – десе, уақыт бос кетеді деп 30% Алматы, Тараз қаласының тумалары ойлайды, «уақыты келген жоқ» деп Алматы қаласынан, жасы 21 –де, екеуі әскери кафедрада, әскерге барған бір адам ғана бар екен (Қарағанды).

5. «Тон жағасыз болмайды, қыз ағасыз болмайды» деген қазақ даналығын қалай түсінесіз? – деген сауалға 26,4%-ы түсінбеймін (Астана, Алматы, Тараз қаласының тумалары), 66,6% қыздың орны қоғамда ерекше, қамқорлық, құрмет деп тіл қатса, «қыз ұзату, құдалық кезіндегі ағасының сылтауы» деп Ақтөбелік жігіт мысқылдапты.

6. Сіз өмірлік жарыңызды таңдауда төмендегілердің қайсысын басшылыққа аласыз, алдыңыз? (жауаптың екі нұсқасын белгілеңіз) (үйленгендер де, үйленбегендер де жауап береді): мінез-құлқы – 73, 3%, білімі, дүниетанымы – 26,4%: Сұлулығы, тартымды келбеті – 33%; ата-анасының мәртебесі, тегі – 26,4%; діни көзқарасы – 6,6% (Астана қаласы); имандылығы, намаз оқуы – 6,6%-ы (Ақтөбеден).

7. Соңғы уақытта жастардың арасында азаматтық некеде (ер мен әйелдің некесін заңдастырмай, бір үйде тұруы) тұру жиі кездеседі, Сіз осы жағдайға қалай қарайсыз? – дегенге 6,6% (тексіздік өз ұлтының тамырына балта шабу) – деп намыстанса, 80% теріс, бұл қызды қорлау деп түсінсе, 13,2% оң қараймын, себебі бір-бірін әбден біліп барып, ресми некеге тұру, тұрмау мәселесін шешкен дұрыс, – деп жақтағандар да табылды (Астаналық және Қарағандылық, орыс тілді, жаңа ғана үйленген).

8. Ұлтаралық некеге қалай қарайсыз?

Оң қараймын – 26,4% ; теріс қараймын – 59,4%; басқасы: 6,6% – әркім өзі біледі, 6,6% – ата-анасы мұсылман болса, оң қараймын.

9.Басқа ұлттың өкілімен отбасын құрар ма едіңіз? Иә –33% ; Жоқ– 67%.

10.Қай ұлттың өкіліне үйленер едіңіз? Украинкаға –13,2%, 6,6% жақсы болса болды,6,6% – сириялық,ливиялыққа, 6,6% – марокколыққа.

12. Неліктен? әдемілік үшін – украиналыққа, құлықтылыққа жақсы тәрбиелейді – марокколыққа.

13. Қандай қасиеттер ер азамат үшін ең қажетті?

Ақыл, білім – 33% ; шыдамдылық, еңбексүйгіштік, қажырлылық – 52,8%; үй шаруасына икемділік, ұйымдастырушылық, салмақтылық – 13,2% .

14. Төменде көрсетілгендердің қайсысы Сіздің дінге деген қатынасыңызды бейнелейді? – деген сұраққа 46,2%-ы «Мен дінге сенемін,бірақ діни өмірге белсенді қатыспаймын»,–деп түйіндесе қалған басым 52,8% -ы : «Дінге сенемін, діни шарттарды орындауға тырысамын», – деп тіл қатты, бұндай көзқарастағылар ОҚО және Ақтөбеліктер екен.

15. Сіз қандай дінді ұстанасыз? – келесі сауалнамамызды дін жағына тағы бұрдық.Барлығы бір ауыздан «ислам» деп қысқа қайырды.

16. Сіз қыздардың хиджаб киюіне қалай қарайсыз? –деген сауалға, 52,8 % оң қараса,26,4%-ы «маған бәрі бір» десе, 19,8%-ы: «қарсымын,мұндай дәстүр қазақта болмаған», – деп реніш білдірді.

17.Жеті атаңызды білесіз бе?– деп ер азаматтардың әрі шежіре,әрі жеті аталық үрдіске көз қарасын білгіміз келді. 46,2%-ы «иә, жеті атасын білмеген ұл жетесіз » десе, ал 19,8 %-ы: «жоқ, ол тозған дәстүр» (Тараз, Астана қалаларынан) десе, 33%-ы «толық білмеймін», – деп қысылды (Алматы,Астана қаласының тумалары).

18.Егер жұбайыңыздың ата-анасының жағдайы сізден әлдеқайда жақсы болса, қолдарында тұрар ма едіңіз? – деген тағы бір сұрақ тастадық ортаға. 86,8 % жігіттер намыстанып, «күшік күйеу болғым келмейді», – деп тістерін қайраса, 13,2%-ы «онда тұрған не бар», – деп жайбарақат жауап берді.

19. Нағыз қазақ жігіті қандай болу керек деп ойлайсыз?

Жауаптары: иманды –2рет, қайсар, батыл –2 рет, байыпты, салмақты –3 рет, білімді, сауатты –2 рет, ақылды– 1рет, ұлтжанды –1 рет, алғыр –1 рет, көркем мінезді –1 рет, намысшыл –1 рет, дәстүр тұтатын –1рет.

20. Өзіңіз қаншалықты сәйкес келесіз? 30 пайыз сәйкес келемін деген де, 50 пайыз дегендер де орыс тілді қазақ жігіттері екен, дені 60, 70, 80 пайыз деп жауап берсе, Оңтүстік Қазақстан облысының тумасы өзін 100 пайыз сәйкес келемін деп санайды екен.

Жүргізген сауалнамамыздан байқағанымыз, дәстүрлілік барынша сақталғанымен, жаңашылдық басым сияқты. Ең бір маңызды сұрақтарды қойып анықтауға тырыстық. Бұрында ата-бабамыз осындай ұлан-байтақ жерді сойылмен қорғап,біз үшін, ұрпақ үшін алып қалды.Ал қазіргі жігіттерді байқасақ, көбінің ойы ол бос уақыт өткізу деп түсінеді екен.Қазақ даналық сөздерін түсінбейді.Басқа ұлттан әйел алу жүргізілген сауалнамада 33 %-ы қарсы емес.Бірақ жар тандауда тегіне қарайтын жігіттер аз болса да бар екен.Қазақта негізі тексіздікті жаман деп санаған. Жеті атасын білмейтіндер бар екен.Тозған дәстүр деп санайтындар да бар.Қыздардың хитжаб киюіне қалай қарайсыз деген сұрақа маған бәрі-бір дейтіндер 26,4% бұл аз көрсеткіш емес. Қазіргі таңда ақыл,білім,еңбек сүйгіштік керек екенін біледі екен, бірақ жігіттеріміз өздеріне сенімді емес. Оны соңғы қойылған сұрақтан байқауға болатын сияқты.Қазіргі таңда жігіттердің бойында дәстүршілдікке қарағанда модернизм басым сияқты.

Бұқаралық мәдениет тұсында бүкіл индустрия әйелге бағытталған. Өндіріске ер адаммен тең қатысып жүріп, әйел ләззат өндіру индустриясынан орталық орын алып отыр. Бұл қоғамдық өмірдің барлық салаларына әйелдің ықпалын күшейтуге дем береді. Сондықтан, қазіргі әлем бейнесіне әйел факторы белсенді кірісіп, өркениет негіздерін қайта қарауды талап етуде. Бүгінгі қазақ әйелі бейнесіндегі дәстүршілдік пен модерндіктің

арақатынасында мәдени мұра мен қазіргі мәдениеттің арақатынасы нақтылы көрініс тауып отыр [2].

Біз жас қазақ қыздарының арасында қазіргі қазақ қызының бойындағы дәстүрлілік пен модерннің арақатынасын салмақтау мақсатында «Жаһандану аясындағы қазақ қызы» атты әлеуметтанулық сауалнама жүргізген болатынбыз. Ол сауалнама 18-22 жас аралығындағы жас бойжеткендердің арасында жүргізілді. Сауалнамаға 30 қыз қатысты. Сондағы кейбір маңызды сұрақтарды сараптап, нәтижесін ұсынып отырмыз. Төменде респонденттердің қай өңірден екендігіне қатысты сандық мәлімет келтірілген.

Қазақстанның оңтүстік өңірі -63,3%, солтүстік өңірі-10%, шығыс өңірі-6,6%, батыс өңірі-20%.

Дәстүрлі қоғамда қалыптасқан қызға қатысты сый-құрметті бүгінгі таңда сезінесізбе?

Жауаптары			
1) Иә, сезінемін	2) Жоқ, сезінбеймін	4) Өте аз сезінемін	5) Басқа (жазыңыз)_____
30%	20%	50%	

«Қызға қырық үйден тыйым» - деген қағида қазіргі заманда өзекті ме?

Жауаптары				
1) Өте өзекті, ол қазақ қызының рухани әліппесі 45%	2) Жоқ өзекті емес, ол қазіргі заманмен үйлеспейді 5%	4) Өзекті, бірақ толыққанды емес 50%	5) Басқа (жазыңыз)_____	

Ұлттық салт-дәстүрімізді ұстана отырып, заман ағымынан қалмауға тырысасыз ба?

Жауаптары:				
1) Иә, қолымнан келгенше	2) Жоқ, оған мүмкіндік жоқ	3) Заман ағымы салт-дәстүрді ығыстырады, сондықтан ол мүмкін емес	4) Ол жайлы ойланбаппын	5) Басқа (жазыңыз)_____
80%		5%	15%	

Қазақ қыздарының саяси билікке араласуы дұрыс па?

Жауаптары:		
1) Дұрыс, толық құқығы бар 90%	2) Жоқ, ол қыз балаға жараспайды 5%	3) Басқа (жазыңыз)_____ 5%-ы: Басы жетіп жатса араласа берсін

Қазіргі замандағы қазақ қызының ең басты критеріі қайсысы?

Жауаптары:				
1) Ар-намыс	2) Ақыл-ой, парасат	3) Нәзіктік пен сұлулық	4) Имандылық	5) Басқа Басқа (жазыңыз)_____

10%	25%	10%	40%	15%: төртеуін де жатқызамын
-----	-----	-----	-----	-----------------------------

Көп балалы ана болуды қалайсыз ба?

Жауаптары:				
1) Иә, қалаймын	2) Қанша балалы болу бұйырса, сонша бала	3) Жоқ, бір ұл, бір қыз жетеді	4) Жауап беру қиын	5) Басқа (жазыңыз) _____
50%	35%	-	10%	5%: үш бала

Қыз тұрмысқа шамамен неше жасында шыққаны дұрыс деп ойлайсыз? Неге?

Жауаптары:				
1) 18-20 жасында, кәрі қыз болмау үшін	2) 18-21 жасында, өмірге көп бала әкелу үшін	3) 21-24 жаста, жоғары білім алғаннан кейін	4) 25-30 жас аралығында, мансапқа жеткеннен кейін	5) Басқа (жазыңыз) _____
	5%	80%	5%	10%-ы: бұйырғаны болар

Қазақ отбасында кім басшы? Ер адам-100%

Қазақ қызын ел басшысы ретінде елестете аласыз ба?

Жауаптары:			
1) Әрине, неге елестетпеске, қазақ қызы жақсы ел басшысы болады алады	2) Жоқ, ел басқару – ер адамның ісі	3) Жауап беру қиын	4) Басқа (жазыңыз) _____
40%	40%	20%	

Қазақ қызының өзі бірінші болып жігітке сөз айтуы дұрыс па?

Жауаптары:		
1) Дұрыс, қазіргі жігіттер ұсақталып бара жатыр, олар бірінші қадам жасай алмайды	2) Дұрыс емес, қазақ қызы үшін бұл ұят	3) Басқа (жазыңыз) _____
30%	70%	

Келін ата-енесімен тұру керек дегенге көзқарасыңыз қандай?

Жауаптары:				
1) Иә, міндетті түрде ата-енесімен тұруы керек	2) Жоқ, жас отбасы бөлек шығуы керек	3) Жауап беруге қиналамын	4) Отбасы ішіндегі жағдайларға байланысты	5) Басқа (жазыңыз) _____

10%			80%	10%-ы: екі жас өзі шешуі керек
-----	--	--	-----	--------------------------------

Ұлтаралық некеге қалай қарайсыз?

Жауаптары:				
1) Оң қараймын	2) Теріс қараймын	3) Басқа (жазыңыз_____)		
40%	40%	20%-ы: мұсылман болса ғана		

Дәстүрлі ән тыңдайсыз ба?

Жауаптары:				
1) Иә, жиі тыңдаймын	2) Жоқ, мүлде тыңдамаймын	3) Анда-санда ғана	4) Басқа (жазыңыз_____)	
30%		70%		

Сіздің нағыз идеал әйел деген түсінігіңізге лайық әйелдерді атаңыз (шынайы өмірдегі, болмаса кинофильм, көркем әдебиет кейіпкерлері):

Жауаптары		
1) өз анасы	2) әжесі	3) жеңгесі
4) Ұлпан, Қыз Жібек, Қарақат Әбілдина, Ләйла Сұлтанқызы, Шакира, Хилари Клинтон, Маргарет Тэтчэр т.б.		

Біз өзіміздің сауалнаманың маңызды сұрақтарына тоқталдық. Қазақ қыздары арасында дәстүрлілік барынша сақталғанымен, модерндіктің сарыны басым болып отыр. Мысалы дәстүрлі қоғамда қыздар саяси билікке араласқан жоқ, тек ел басына күн туғанда аналарымыз лажсыз (Айғаным) немесе бір әулеттің беделді анасы болып орныққанда ғана елге билік жүргізген болатын. Тіпті сол ананың атымен одан тараған ұрпақ рудың атын да атағаны белгілі (Қызай, Мұрын). Ал қазіргі бойжеткендер саяси билікке араласуға ынталы болып отыр. Ол аз десеңіз респонденттердің 40% қазақ қызын ел басшысы ретінде көре алады. Бұрынғы дәстүрлі қоғамда қыз балаға білім-ғылым қумай, ерте 16-18 жасында тұрмысқа шығу маңызды болатын. Ол сол қоғамның талабы еді. Ал, қазіргі замандағы бойжеткендердің басым бөлігі 21-24 жаста жоғары білім алып барып тұрмысқа шығуды қалайды. Тіпті, шетелге шығып білім алуға да қарсы емес. Осы модерндік үрдіс қызға қатысты сый-құрметті төмендетіп жіберген сияқты, себебі, «Дәстүрлі қоғамда қалыптасқан қызға қатысты сый-құрметті бүгінгі таңда сезінесіз бе?» – деген сұраққа 50% бойжеткен «Өте аз сезінемін» деген жауапты алып отыр. Ең бір қуантарлық жәйт, бойжеткендер көп балалы ана болудан қорықпайды екен, яғни дәстүрлі қоғамдағыдай өмірге көп бала әкелген аналардың сабақтастығы көрініп тұр. Осы тұста көп балалы болуға ерлер қауымы жүрексінетін сияқты. Бұл біздің бақылауымыздың нәтижесі.

2012 жылы ҚР БҒМ Ғылыми комитетінің гранты бойынша біздің университеттің философия кафедрасының ғылыми жобасы аясында жүргізілген «Қазақ қызы өзі жайлы» және «Қазақ әйелі – замандастар көзімен» деп аталатын сауалнамалар нәтижесіне тоқтала кетуді жөн көрдік. Сауалнама еліміздің барлық өңірінде әртүрлі әлеуметтік топтар арасында өткізілген. «Қазіргі мәдениеттегі қазақ әйелінің бейнесіне жаһанданудың ықпалын жоққа шығаруға болмайды, өйткені бұқаралық ақпарат құралдарының ықпалымен, әсіресе теледидарда көрген жарнамаға қарай әйел өз бейнесін өзі жасауға тырысады; дегенмен де

замандастарымыздың бейнесінде дәстүрлілік пен жаңашылдықтың арасалмағын зерделесек, дәстүрлі ұлттық сипаттың біршама басым екені анық көрінеді» [2, 154-155бб].

Біздің сауалнама студент жастар арасында жүргізілгендіктен болар, жоғарыдағы аталған әлеуметтік зерттеуімізге сандық және сапалық талдау жасағанда байқағанымыз, қазіргі қазақ студент жастар бейнесінде жаңашылдық дәстүрлілікке қарағанда сәл басымдау сияқты.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Федотова В.Г. Факторы ценностных изменений на Западе и в России // Вопросы философии. – 2005. – №11.с.3.
2. Қазақ мәдениетіндегі әйел бейнелері: Монография / Жауапты редактор Г.А.Адаева. - Астана: Мастер По ЖШС, 2014. – 194 б.

ОӘЖ:130.2:512.122(045)

АБАЙДЫҢ ҚАРА СӨЗДЕРІНДЕГІ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ОЙЛАР

Қуанышева Аяжан Қуандыққызы

akuandykkyzy@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ ,СҚФ 2-курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Рахимжанова С.Қ.

Қазақтың маңдайына біткен дара ұлдарының бірі, өзі жоқ болса да, артынан көп із қалдырған Ұлы тұлға Абай Құнанбайұлының шығармашылығы әркімді болсын өзінің әсерлілігімен, өнегелілігімен таңдандырмай қоймайтыны анық. Өзінің кешкен ғұмырының соңында өмірден түйгендерін қағаз бетіне түсіріп қана қоймай, оқыған адамның дүниеге деген көзқарасын өзгертетіндей философиялық ойларын қалдырып кеткен. Міне, тап осылай Абайдың қара сөздері дүниеге келген.

Абайдың қара сөздері көркемдік, әлеуметтік гуманистік және дінге көзқарастары терең білінген еңбегі болып табылады. Ғақлиялар — ұлы ақынның сөз өнеріндегі көркемдік қуатын, философиядағы даналық дүниетанымын даралап көрсететін классикалық стильде жазылған прозалық шығармасы. Негізінен жалпы қара сөздерінің саны қырық бес, бірақ әрқайсысы әртүрлі жазылған, бір-біріне тақырыбы жағынан ұқсамайды. Оның алты-жеті үлгісі қысқа болса, қайсыбіреуі мазмұн, тақырып жағынан өзгешелеу, ауқымды болып келеді. Абай атамыз өзінің қара сөздерінде шығарманың ажарына ғана назар аударып қоймай, оның тереңдігіне, логикалық мәніне зор салған.

Абайдың қара сөздеріндегі гуманистік, ағартушылық, әлеуметтік ойлары дін туралы пікірлерімен бірігіп, тұтас бір қазақ халқының философиялық концепциясын құрайды. Абайдың қара сөздері сондай-ақ жалпы адамзат баласына ортақ асыл сөзге айналды.

Оның қара сөздерінің бірнешеуі ең алғаш 1918 ж. Семейде шыққан «Абай» журналында жарық көрді. Кейіннен, Абайдың қара сөздері орыс, қытай, француз, т.б. көптеген әлем тілдеріне аударылды. Осының өзі ұлы сөздердің қандай дәрежеге жеткенін аңғартады. Бірінші қара сөзінен бастап адамды өзінің әлеміне баурап алып кетеді. Әсіресе өскелең ұрпақ тәрбиесіне зор үлес қосатын сөздері халықтың жүрегінен ойып тұрап орын алған десек қателеспейміз. Адам психологиясы және бала тәрбиесі жайында 7, 10, 17, 20, 25, 31, 36, 41, 43 қара сөздерінде айтқан. Осының дәлелі ретінде кейбір сөздерге тоқталып кетейік.

Он жетінші қара сөзі балаларға ақыл, қайрат, жүрек, ғылымның адам өмірінде алатын орнын түсінуге, адамның ішкі жан дүниесін тануға, өз бойларында осы қасиеттер болуы үшін күресе білуге шақырады.

Қысқаша мазмұнына тоқталсақ: ақыл, қайрат, жүрек үшеуі адам үшін өздерінің атқаратын жұмыстарын айта келіп, әрқайсысы өзін бірінші орынға қойып таласады да,